Кіріспе. Медициналық қызметтің сапасын басқару кезінде медициналық мекеменің оң имиджін қалыптастыру бойынша шараларды ескеру қажет. Мәселенің өзектілігі заманауи денсаулық сақтау науқастар тарапынан медициналық мекемелер жұмысының тиімділігін төмен бағалаумен негізделген бірқатар мәселелерге тап болуымен анықталады. Бұл жағдайда медициналық мекеменің сыртқы имиджі әртүрлі қоғамдық топ адамдарының санасындағы түсінік жүйесі ретінде түсініледі.

Зерттеудің мақсаты емдеу мекемесінің қызметінде мейіргер қызметкерлерінің имиджінің маңызы туралы мейіргерлердің білім деңгейін жоғарлату жолымен пациенттерге көмек көрсету сапасын арттыру болды.

Материалдар мен әдістер. Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының жедел медициналық көмек және мейіргер ісі кафедрасының қызметкерлері орта буынды медицина қызметкерлері қызметінің моральдық-этикалық мәселелерін меңгеруге бағытталған зерттеу жүргізді. Зерттеу 01.01.2018 - 01.04.2018 жж. аралығында, бірнеше кезеңде өткізілді: сауалнамалар өңдеу, сауалнамалар жүргізу, нәтижелерді талдау және мейіргер қызметкерінің кәсіби қызметінде этикалық қателерді болдырмау және жою бойынша шараларды жүргізу. Сауалнамаға Шымкент қаласының әртүрлі профилдегі 4 медициналық-профилактикалық мекемесі қатысты. Талдауға 536 мейіргерлік қызметкерлер сауалнамасы, 309 дәрігерлер сауалнамасы және 506 науқастар сауалнамасы алынды. Сауалнама біршама шынайы жауаптарға кепіл болатын, респонденттердің ерікті келісімі бойынша және жасырын түрде жүргізілді.

Нәтижелері. Көптеген мейіргерлер (93%) бұл мамандыққа саналы түрде келген. Орта буын медицина қызметкерлерінің 86,9% медицина мекемесінің имиджі олардың келбеті мен мінез-құлқына байланысты екенін түсінеді. Мейіргерлердің 73,5% медицина қызметкерінің сыртқы келбетіне қойылатын

талаптарды жақсы біледі. Дегенмен, сауалнамаға қатысқандардың айтуынша, толыққанды көлемде тек 37% ғана орындауда.

Науқастардың сауалнамасының нәтижесі бойынша: 91,1% мейіргерлерде мейірімділік пен әр науқасқа деген қызығушылықты және тек қана 2,9% - мейіргерлермен қарым-қатынас жасауды қаламайтындығы анықталған. Науқастардың жартысынан көбі (55,7%) дәрігер қабылдауында мейіргерлердің болмайтындығын байқағандығын анықтаған.

Егер қабылдауды тек мейіргер жүргізетін болса, сіз оған сенесіз бе? –деген сұраққа тек 19,0% оң жауап берді, қалған 81,0% қабылдауды дәрігер жүргізгенін қалайтынын айтты. Науқастардың 6,2% мейіргерлердің қатыгездігін атап өтті. Дегенмен, сауалнамаға қатысқандардың 80%-ы мейіргерлік қызметкердің жұмысын - өте жақсы деп бағалады.

Дәрігерлердің 31%-ы мейіргерлердің сыртқы келбетіне, 46,2% - кәсіби деңгейіне назар аударады. Дәрігердің жасы үлкен болған сайын, мейіргердің сыртқы келбеті анағұрлым маңызды рөл атқаратыны анықталды. Дәрігерлердің 81%-ы командада жұмыс істегісі келеді және мейіргерден кәсіби кеңес алады. 72,1%-ы жұмыс орнында мейіргер жоқ болған жағдайда, оларға мейіргер қызметінің жеткіліксіз екенін атап өтті. Дегенмен, сұралған дәрігерлердің тек жартысы (55,2%) өз міндеттерін орта буын медицина қызметкерлеріне сеніп тапсыра алатындарын, ал 10% мейіргер қызметкерлерінің білім деңгейі төмен екендігін айтты.

Қорытынды. Қоғам мейіргерді тәуелсіз маман ретінде көруге дайын еместігін қорытындылауға болады. Мейіргерлік тәжірибе мен медициналық білім беру ортасы мейіргерден талап етілетін қажетті қасиеттерді дамытуға жағдай жасауы керек. Мейіргер ісі бүгінгі таңда моральді тұрғыда денсаулық сақтаудың негізін қалаған іргелі кәсіп болып табылады және ол біздің ұлттық денсаулық сақтаудың имиджін анықтауы керек.

Кілтті сөздер: мейіргер ісі, мейіргерлердің имиджі, қоғам көзқарасы, Қазақстан.

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ СЕСТРИНСКОГО ПРОЦЕССА В КАРАГАНДИНСКОМ ОБЛАСТНОМ ЦЕНТРЕ КРОВИ

Бастрыкина Н.А.

*КГП «Областной центр крови» Управления здравоохранения Акимата
Карагандинской области, главная медицинская сестра, Караганда, Казахстан*

Современную медицину невозможно представить без применения донорской крови. Развитие трансфузиологии характеризуется резко возросшими потребностями медицинских организаций в крови и ее компонентах.

Карагандинский областной центр крови организован и функционирует с 1938 года (ранее станция переливания крови). Обеспечивает 38 медицинских организаций кровью и ее компонентами (плазма, эритроциты, тромбоциты).

Ежегодно в области свыше 3000 пациентов получают переливание донорской крови. Областной центр крови осуществляет обеспечение компонентами крови 38 медицинских организаций области, которые были обеспечены компонентами крови в количестве 23 775 доз.

Укомплектованность Центра крови средним медицинским персоналом составляет 100%. Всего средних медицинских работников 35, из них медсестер – 24, лаборантов – 11. На 2018 год для повышения квалификации запланировано 13 человек, из них по сестринскому делу в трансфузиологии - 9, по лабораторной диагностике - 4. Работа среднего медицинского персонала сопровождает донора по всему маршруту и имеет специфические особенности на каждом этапе заготовки крови.

Организация работы среднего медицинского персонала направлена на соблюдение прав донора и тактичное, доброжелательное отношение к обратившимся. В лабораториях центра, медицинский персонал четко выполняет регламент технологических процессов, обеспечивая точность диагностических исследований, идентификацию образцов и своевременную выдачу результатов.

В центре, средним медицинским персоналом строго соблюдается техника венепункции, это исключает риск контаминации и профессионального заражения, возникновения неблагоприятных последствий (образование подкожных гематом,

инфицирование места прокола и др.), повторной венепункции и ухудшения состояние донора во время и после кроводачи.

При проведении фракционирования крови, лейкофилтрации, вирусинактивации, заготовке фибринового клея и криопреципитата медсестра строго соблюдает инструкции по проведению данных манипуляций и работает под контролем врача – трансфузиолога.

При выдаче компонентов крови медицинским организациям, средний медицинский работник отпускает продукцию по заявкам, при наличии доверенности на получателя от медицинской организации и владеет информацией по объемам запасов крови и ее компонентов в центре. Строго соблюдает правила хранения, температурного режима и транспортировки гемапродуктов.

Помимо указанных особенностей работы среднего медицинского персонала, на всех этапах заготовки крови и ее компонентов, организовано соблюдение: прав донора, принципов этики и деонтологии, конфиденциальности служебной информации, санитарно-эпидемиологического режима, правил асептики и антисептики, условий стерилизации изделий медицинского назначения и инструментария, мероприятий по предупреждению заражения трансмиссивными инфекциями, внедрение новых технологий для профилактики контаминации во время венепункции, оказание неотложной доврачебной помощи при острых заболеваниях, неотложных состояниях, несчастных случаях. На всех этапах заготовки крови на средний медицинский персонал возложена высокая ответственность.

В Карагандинском областном центре крови для средних медицинских работников, организовано постоянное совершенствование практических и теоретических знаний. Проводятся семинарские занятия по улучшению техники забора, переработки крови и ее компонентов, по усовершенствованию диагностических процессов и этико-диетологических аспектов.

С целью организации взаимозаменяемости и расширения практических навыков, в центре организована ротация среднего медицинского персонала между структурными подразделениями. Внедрено информационное сопровождение каждого этапа заготовки компонентов крови, как в центре, так и при проведении выездных донорских сессий.

По итогам 2017 года Областной центр крови прошел аккредитацию на соответствие Национальным стандартам аккредитации для организаций

здравоохранения, осуществляющих деятельность в сфере службы крови. По результатам аккредитации центру присвоена первая категория.

Выводы. Служба крови Карагандинской области, имея богатую историю развития, продолжает выполнять свою главную миссию – спасение человеческих жизней через донорское движение, внедрение современных медицинских технологий, интеллектуальный потенциал и профессионализм работников.

Ключевые слова: сестринский процесс, служба крови, Казахстан

Articles

J Health Dev 2018; 2(27) Supplement: xx-xx

**ADVANCED PRACTICE NURSES:
DELIVERING QUALITY AND COST- EFFECTIVE HEALTH CARE**

Primeau M.S.

*University of Alabama in Huntsville, College of Nursing, Coordinator of Global
Health and Medical Mission Program, USA*

Abstract

Providing healthcare in the future is acknowledged by many to be challenging at both the national and international levels. Globally, advanced practice nurses are in an excellent position to assist in achieving the goals of effective, high-quality, and cost effective care, and to facilitate redesign and improvement of healthcare systems. To do this, though, nurses around the world must be committed to growth as a profession, and dedicated to ensuring that nurses, and especially advanced practice nurses, become key players in the rapidly-changing global healthcare arena.

This article is devoted to importance of advanced nursing practice in provision of high-level medical care.

Key words: advanced nursing practice, medical care quality.

**Жоғары мамандандырылған кең профильді мейірбикелер: Сапалы және кірісі
мол медициналық көмек ұсыну**

Тұжырымдама

Жақын болашақта сапалы медициналық көмек көрсету мемлекеттік қана емес халықаралық мәселе ретінде қарастырылатын болады. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, жоғары мамандандырылған кең профильді мейірбикелер сапалы және кірісі мол медициналық көмек ұсыну қызметінде маңызды рөл атқарады. Олар сапалы әрі кіріс мол

медициналық қызмет көрсетуге ат салысып қана қоймай, бүкіл денсаулық сақтау жүйесін қайта құру мен дамытуға септігін тигізері сөзсіз. Осы мақсатқа жету жолында әрбір мейіргер өзін дамытуға құлшынып, жылдам дамып жатқан денсаулық сақтау жүйесіндегі жоғары мамандандырылған кең профильді мейіргерлік қызметтің алар орнын түсіне білуі керек.

Мақала жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетудегі мейіргерлік үздік тәжірибенің маңыздылығына арналған.

Кілтті сөздер: үздік мейіргерлік тәжірибе, медициналық қызметтің сапасы.

Медицинские сестры широкого высокоспециализированного профиля: Предоставление качественного и рентабельного медицинского обслуживания

Резюме

В будущем предоставление качественного медицинского обслуживания станет проблемой как на государственном так и на международном уровнях. В международной практике, медсестры широкого высокоспециализированного профиля занимают немаловажную позицию в помощи достижения целей эффективной, высококачественной и рентабельной медицинской помощи, а также в содействии реорганизации и улучшения системы здравоохранения в целом. Для этой цели, медсестры всего мира должны стремиться расти в профессиональном плане и понять, что, особенно медсестры широкого профиля, являются ключевыми фигурами в динамично меняющейся всемирной арене здравоохранения.

Статья посвящена значимости передовой сестринской практики в оказании высококачественной медицинской помощи.

Ключевые слова: передовая сестринская практика, качество медицинских услуг.

УДК 614; 614.2; 614:33

Recieved: 14.06.2018

Accepted: 18.06.2018

Corresponding author: Marlana Primeau, DNP, FNP-BC, NHDP-BC, BSHECS, Clinical Associate Professor Coordinator, Global Health and Medical Mission Program University of Alabama in Huntsville, College of Nursing, USA

Address: 301 Sparkman Drive, NB 321, Huntsville, Alabama USA 35899

Phone: + 01 (256) 824-2449

E-mail: Marlana.Primeau@uah.edu

Introduction

It is no surprise that, just as the world gets more and more complex, healthcare has become increasingly complicated and fragmented. Global and national healthcare systems have numerous critical issues on the horizon, and healthcare is changing dramatically in an effort to find viable solutions. Although every country has its own unique set of concerns and issues, there are certain common healthcare themes and needs; better access to care for everyone, improved healthcare equity for diverse populations, provision of quality care within acceptable financial boundaries, adequate numbers of health workers, and successful patient outcomes [1]. Longer life expectancies and increasingly complex chronic diseases add additional dimensions to the traditional healthcare concerns.

Advanced Practice Nursing (APN), currently utilized in some form in an estimated 70 countries worldwide [2], has proven to be an excellent answer for many healthcare challenges, including a lack of primary care providers, a need for better access to care, more cost-effective care, and an increase in quality outcomes. Although continued research and documentation is critical, numerous studies have already been conducted to study APN outcome data in relationship to that of physicians, and to date, the literature solidly supports the contention that APN care has excellent outcomes, often with lower costs and reduced use of resources [3,4]. Proper utilization of advanced practice nurses has the potential to transform health care systems, improve public health and wellbeing, and reduce overall healthcare spending.

However, there continue to be barriers and challenges in the global utilization of advance practice nurses. Practice levels for nurse practitioner range widely, from high-level practice settings to simple expansion of nursing roles that do not yet meet the level of advanced practice knowledge and expertise required (see Table 1). Although progress is being made, barriers to practice range from challenges from outside sources, such as territorial and practice concerns from other healthcare professions, to internal issues, such as the lack of standardized educational and practice requirements, and the lack of professional unity.

Table 1 - Advanced levels of practice of different countries [5]

Countries	Advanced Practice Levels
Australia, Canada, Finland, Ireland, Netherlands, New Zealand, UK, US	Established APN Practice (High levels of advanced clinical practice)

Austria, Belgium, Croatia, Cyprus, France, Germany, Iceland, Israel, Lithuania, Norway, Spain, Sweden, Switzerland	Emerging APN Practice (Education programs available, but practice not at advanced clinical level)
Belgium, Czech Republic, Denmark, Estonia, Hungary, Italy, Latvia, Luxembourg, Malta, Poland, Portugal, Slovenia	Extended Nursing Roles (No APN-level practice or education)

To assist in clarifying the issue, it would be helpful to understand the differences between nursing and medicine. Medicine's focus and expertise is on pathology; the pathology of the cell, the organ, the system, and the human body, and how to resolve that problem. Nursing comes from a holistic viewpoint and focuses on wellness, and on how to assist the whole person in getting well and staying well. Nursing is a synthesis discipline; it draws on knowledge from a variety of disciplines to facilitate wellness in each patient. Nursing and medicine are independent and complimentary professions, not hierarchical. They work best in tandem, and the use of interprofessional collaboration and healthcare teams is becoming essential to safe and successful patient care [6]. Advanced practice nursing often provides a bridge between nursing and medicine, and effectively blends the best of both.

Advanced Practice Nursing

Advanced Practice Nurses (APNs) are clinicians and healthcare professions who have the education, credentials, and clinical expertise to work in an expanded nursing role, and are becoming an integral part of the healthcare systems in many countries. APNs function effectively in primary care, whether in or out of an office, as well as in a wide variety of specialties. APNs provide holistic care while diagnosing and treating illness or disease, and at the same time emphasizing health promotion and healthy living.

There are numerous types of APNs, all providing needed and necessary healthcare around the world [7]. APNs are called by a variety of names and have a variety of job descriptions, but there are a few characteristics that are at the core of the APN role. They include autonomous practice, patient centered and values-based care, the ability to think and make decisions critically, and the importance of supporting and modeling nursing leadership. Authority and responsibility to diagnose illness, prescribe

medications, provide treatment, refer clients to specialists, and admit patients to hospitals are all common characteristics that APNs are educated and trained to do.

Utilizing APN titles from the US, the most common types of Advanced Practice nurses are Nurse Practitioners, Nurse Anesthetists, Nurse Midwives, and Clinical Nurse Specialists.

Nurse Practitioners (NP) are clinicians, and provide assessment, diagnosis, and treatment for acute and chronic conditions in a wide variety of healthcare settings and for a wide variety of patients and populations. NPs were originally established in the US in the mid - 1960s. Family nurse practitioners (FNP), the largest subgroup of NPs, are primary care providers and see patients across the lifespan. There are also NP specialties working with women, acute care, pediatric, geriatric, and psychiatric populations.

Nurse Anesthetists (CRNA) work with surgical teams to ensure the safe administration of anesthesia through all phases of surgery and related procedures, including pain management.

Nurse Midwives are considered primary care providers, and specialize in caring for women across their lifespan, including pregnancy and birth.

Clinical Nurse Specialists are registered nurses, often at the bedside, who have advanced knowledge and clinical skills. They work in a wide variety of health care settings, and are usually specific to a particular patient population.

Education of APNs is currently non-standardized and practice requirements are non-uniform. Although many countries are still working toward this, the goal for APN education is to require a Master's degree. Some APNs, especially NPs, are moving toward doctoral preparation as a requirement to practice.

Benefits of Advance Practice Nurses

Utilization of APNs in various healthcare settings provides a quite lengthy and varied list of benefits that can be identified and that are well supported in the literature [1, 3, 4, 6, 8 -14]. The studies are international in scope, reflect primary care as well as a variety of specialties, and cross age and cultural boundaries. A good start has been made globally in identification of healthcare issues to overcome, as well as widespread acknowledgement of the potential for substantial healthcare improvement through the use of APNs.

Benefits identified in the literature for utilization of APNs include:

- APN care is cost-effective.

- Clinical outcomes on par with physician outcomes.
- Improved efficiency of services for patients.
- Improved patient access and waiting times.
- Increased patient-centered and holistic care.
- Increased patient and family satisfaction.
- High level of quality care perceived by patients.
- Fewer hospital readmissions and emergency room visits.
- Higher levels of patient compliance and knowledge.
- Smoother transitional care from hospital to home and community.

Barriers and Challenges

The long list of benefits for developing and integrating APNs into the healthcare system is unfortunately equaled by the list of barriers and challenges that still remain. There are numerous studies in the literature that identify the various barriers and challenges to the global integration of APNs into the current healthcare environment [6, 8, 15 -19]. These barriers include:

- A lack of international agreement on APN roles, titles, and scope of practice.
- Lack of consistent and common goals between all types of APNs.
- Absence of a strategic plan for APN integration into healthcare systems.
- Difficulty in altering the traditional hierarchy among healthcare professionals.
- Difficulty in overcoming traditional gender roles.
- Lack of acceptance by other healthcare disciplines and the public.
- Deficient numbers of qualified faculty to teach in APN programs.
- Lack of a standardized educational curricula and certification requirements.
- Lack of education and training in nursing leadership and policy skills.
- Restrictions in practice freedom and scope of practice by outside entities.
- APN lack of knowledge of and access to policy decision-making

So what does all this mean, and where can we go from here?

APN policy and regulation

Nurses must be educated in regulatory and funding processes, and learn ways to successfully interact with key stakeholders. There needs to be better communication and interaction between governmental or facility policy makers and APNs. APNs need to take the lead in joining and participating in policy discussions and negotiations.

Governmental and institutional policy changes need to be made to facilitate and support full use of APNs, which may need to be addressed on an organizational culture change level [18].

Education/Certification

Educational programs should be redesigned to meet practice standards and allow for future needs in a profession where change can occur rapidly. Increased education on technological and genomic innovations related to the provision of healthcare should also be embedded into APN educational programs [20]. In addition, certification requirements need to be standardized, and ideally standardized globally. Once educational and certification requirements are met, APNs should have the opportunity to practice to the full extent of their knowledge and training.

Interprofessional Collaboration

Advanced practice nurses need to acknowledge the importance and benefits of collaborating with other healthcare professions and disciplines. Interprofessional collaboration has become a key factor in successfully addressing critical healthcare and workforce issues [21, 22]. In addition to improved patient outcomes, there are numerous benefits of interprofessional collaboration to all involved health disciplines, including assisting healthcare professionals to overcome long-standing professional hierarchies and territorial issues [6].

Nursing leadership

Nurses, especially APNs, should view leadership knowledge and practice as an integral part of their profession. APN students should be educated on civic, professional, and social duties that will often be part of their job description, and become more comfortable in working in partnership with policy leaders. Nurses also have a responsibility to mentor each other and assist newer nurses as their careers progress. As Reed (2017) notes, nurses have to learn to clearly articulate their unique strengths and contributions to healthcare, and this is especially true for nurses in advanced practice roles [1].

Professional Unity

Globally, nurses at all practice levels must learn to encourage and support each other's roles, rather than spend time and energy on infighting. Mentoring, creating a

supportive environment, building trust, and focusing on common goals are all positive ways for nurses to facilitate professional unity. Career progress for each nurse advances the entire nursing profession.

Reimbursement for healthcare services

It is nice to hear that APNs are beginning to be full and respected members of the healthcare team, but that must be reflected in pay and reimbursements structures. If the same service is provided, reimbursement should be equitable no matter which type of clinician is providing the care [23].

To achieve that, it is important to document APN revenue production as well as APN care quality and patient outcomes.

Research

APNs are in a unique position to contribute many things to nursing and medical science. Underserved and poor communities have traditionally been served by APNs, and those populations are very underrepresented in research studies. We are now in the age of precision medicine, with genomic-based treatments and tailored healthcare immediately on the horizon. APNs are ideally placed to contribute research on populations where such research is sorely needed [24]. Nurses also need to continue research on APN-provided patient outcomes and cost effectiveness.

Scope and Standards of Practice

A goal of global consensus on both the boundaries of APN practice and the standards of APN patient care is crucial to integrating APNs into healthcare systems. Policies that restrict APN care often increases costs and decreases access to care, especially for underserved populations [23]. One difficult hurdle may be that of outside regulation; too many advanced practice nurses currently cannot practice to the full extent of their training due to supervision requirements or restrictions from other healthcare professions.

Conclusion

For countries that are developing an APN program or are trying to embed APNs in a redesigned healthcare system, there are several things to consider. Decisions about educational and clinical preparation, certification requirements, scope of practice boundaries, standards of practice, and reimbursement issues should be debated and a

consensus reached early in the process. One more important point should not be ignored in the development and decision making process: regulation of advanced practice nursing, and the autonomy of the APN role.

Providing healthcare in the future is acknowledged by many to be challenging at both the national and international levels. Globally, advanced practice nurses are in an excellent position to assist in achieving the goals of effective, high-quality, and cost effective care, and to facilitate redesign and improvement of healthcare systems. To do this, though, nurses around the world must be committed to growth as a profession, and dedicated to ensuring that nurses, and especially advanced practice nurses, become key players in the rapidly-changing global healthcare arena.

References

1. Reed PG. Philosophical Clarity and Justifying the Scope of Advanced Practice Nursing. *Nursing science quarterly*. 2017; 30 (1): 73-76.
2. Bryant-Lukosius D, Martin-Misener R. Advanced practice nursing: An essential component of country level human resources for health. ICN Policy Paper for the International Council of Nurses. 2016:11 p.
3. Donald F. Kilpatrick K, Reid K, Carter N. et al. Hospital to community transitional care by nurse practitioners: A systematic review of cost-effectiveness. *International Journal of nursing studies*. 2015; 52(1): 436-451.
4. Fund ME, Swanson-Hill A. Cost effectiveness of nurse practitioner care. *Kansas Nurse*. 2014; 89(1):12-15.
5. Rogers M. A global overview of advanced practice nursing [PowerPoint slides]. International Nurse Practitioner/Advanced Practice Nursing Network (INP-APNN), International Council of Nurses. 2016. Retrieved 01.06.2018. Available: <https://sairaanhoitajat.fi/>.
6. Goldsberry JW. Advanced practice nurses leading the way: Interprofessional collaboration. *Nurse Education Today*. 2018; 65: 1-3.
7. Pulcini J, Jelic M, Gul R, Loke AY. An international survey on advanced practice nursing education, practice, and regulation. *Journal of nursing scholarship*. 2010; 42(1): 31-39.
8. Christiansen A, Vernon V, Jinks A. Perceptions of the benefits and challenges of the role of advanced practice nurses in nurse-led out-of-hours care in Hong Kong: a questionnaire study. *Journal of clinical nursing*. 2013; 22 (7-8): 1173-1181.
9. Hanlon A. Improving healthcare outcomes and accessibility in the USA: the advanced practice nurse. *Obzornik zdravstvenenega*. 2015; 49(2): 84-89.
10. Kapu AN, Kleinpell R, Pilon B. Quality and financial impact of adding nurse practitioners to inpatient care teams. *Journal of Nursing Administration*. 2014; 44(2): 87-96.

11. Mezey M, Harrington C, Kluger M. NPs in nursing homes: An issue of quality. *AJN The American Journal of Nursing*. 2004; 104(9): 71.
12. Sawatzky JAV, Christie S, Singal RK. Exploring outcomes of a nurse practitioner-managed cardiac surgery follow-up intervention: a randomized trial. *Journal of advanced nursing*. 2013; 69(9): 2076-2087.
13. Biezen M, Schoonhoven L, Wijers N, Burgt R. et al. Substitution of general practitioners by nurse practitioners in out-of-hours primary care: a quasi-experimental study. *Journal of advanced nursing*. 2016; 72(8): 1813-1824.
14. Whiteford C, White S, Stephenson M. Effectiveness of nurse-led clinics on service delivery and clinical outcomes in adults with chronic ear, nose and throat complaints: a systematic review. *JBI database of systematic reviews and implementation reports*. 2016; 14(4): 229-256.
15. Borum C. Barriers for Hospital-based Nurse Practitioners Utilizing Clinical Decision Support Systems: A Systematic Review. *CIN: Computers, Informatics, Nursing*. 2018; 36(4): 177-182.
16. Heale R. Overcoming barriers to practice: A nurse practitioner-led model. *Journal of the American Association of Nurse Practitioners*. 2012; 24(6): 358-363.
17. Lohr RH, West CP; Beliveau M, Daniels PR. et al. Comparison of the quality of patient referrals from physicians, physician assistants, and nurse practitioners. *Mayo Clinic Proceedings*. Elsevier, 2013; 88(11): 1266-1271.
18. McCarter SP, Tariman JD, Spawn N, Mehmeti E. et al. Barriers and promoters to participation in the era of shared treatment decision-making. *Western journal of nursing research*. 2016; 38(10): 1282-1297.
19. Wei CW, Tung HH, Tsay SL, Lin CW. Nurse practitioners in Taiwan: Today and tomorrow. *Journal of the American Association of Nurse Practitioners*. 2012; 24(3): 138-142.
20. Hawkins SY. Telehealth nurse practitioner student clinical experiences: An essential educational component for today's health care setting. *Nurse education today*. 2012; 32(8): 842-845.
21. Wilson S. Collaborative leadership: it's good to talk. *British Journal of Healthcare Management*. 2013; 19 (7): 335-337.
22. World Health Organization. Framework for action on interprofessional education and collaborative practice. 2010. Web site Retrieved 01.06.2018. Available: <http://apps.who.int/>.
23. Poghosyan L, Lucero R, Rauch L, Berkowitz B. Nurse practitioner workforce: a substantial supply of primary care providers. *Nursing Economics*. 2012; 30(5): 268.
24. Williams JK, Katapodi MC, Starkweather A, Badzek L. et al. Advanced nursing practice and research contributions to precision medicine. *Nursing Outlook*. 2016; 64(2):117-123.

TO THE ISSUE OF PROVISION OF ACCESSIBLE AND QUALITATIVE MEDICAL CARE TO THE POPULATION

Tanatarov S.Z.¹, Aitchanova G.B.²

¹Director of the State Medical College named after D. Kalmatayeva, Semey, Kazakhstan

²Teacher of the discipline "Fundamentals of nursing" of the state medical college named after D. Kalmatayev, Semey, Kazakhstan

Abstract

Today middle grade medical personnel is a key human resource in providing quality and safe medical care to the population. In this article, the authors discuss the role of nurses in providing high-quality medical care, drug safety, and the importance of the patronage service.

Key words: nursing care, quality of medical service, drug safety, patronage service.

Тұрғындарға қолжетімді және сапалы медициналық көмек көрсету

Тұжырымдама

Мейіргерлер қазіргі таңда тұрғындардың денсаулығын нығайтуда, оларды сапалы әрі қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз етуде құнды кадрлық ресурс болып саналады. Мақалада сапалы медициналық көмек көрсету, дәрілік қауіпсіздік және патронаждық қызмет мәселелеріндегі мейіргерлердің жұмысының маңыздылығы тарқатылады.

Кілтті сөздер: мейіргерлік қызмет, медициналық қызметтің сапасы, дәрілік қауіпсіздік, патронаждық қызмет.

К вопросу обеспечения доступной и качественной медицинской помощи населению

Резюме

На сегодняшний день средний медицинский персонал является ключевым кадровым ресурсом в обеспечении качественной и безопасной медицинской помощью населения. В

данной статье авторы рассуждают о роли медицинских сестер в оказании высококачественной медицинской помощи, лекарственной безопасности и значимости патронажной службы.

Ключевые слова: сестринская служба, качество медицинских услуг, лекарственная безопасность, патронажная служба.

УДК 614; 614.2; 614:33

Received: 15.05.2018

Accepted: 02.06.2018

Corresponding author: Tanatarov Sayat, Director of the State Medical College named after D. Kalmatayeva, Semey, Kazakhstan

Address: Kazakhstan, Semey, st. International, 38

Phone: +7 (7222) 36-14-79

E-mail: sayat68@mail.ru

Кіріспе

Қазіргі таңда мейіргерлік қызмет мамандары тұрғындардың денсаулығын сақтау ісінде, оларды сапалы әрі қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз етуде құнды ресурс болып саналады. Адамның өмірі мен денсаулығы – басты құндылық. Медицина қызметкерінің әрекеттері адам өмірі мен денсаулығын оның туған сәтінен бастап сақтауға бағытталған және науқастың қадір-қасиеті мен намысын, жеке құпиясына деген құқығын құрметтеп, оған сыпайылық пен биязылық танытуға, мейіріммен қарауды талап етеді. Науқастың қауіпсіздігі – жоғары сапалы медициналық көмектің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Оның мақсаты - емдеу кезінде науқасқа зиян тию мүмкіндігін барынша азайту.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) медициналық көмектің сапасын жалпы популяция мен мүгедектердің денсаулығына қатысты жағымды жағдайларды көбейтетін және ағымдағы кәсібилік білімге сай келетін дәреже ретінде анықтайды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан медициналық қызмет көрсетудегі мейіргердің рөлін нығайту және олардың маңызын арттыру мақсатында 2019 жылға дейінгі мейіргер ісін дамытудың кешенді жоспары әзірленді [1]. Бүгінгі қоғам әлеуметтік және кәсіби қызметте танымдық белсенділігі жоғары шығармашыл адамдарға зәру. Мамандардың әлеуметтік және

кәсіби біліктілігіне қоғамның қояр талабы күннен-күнге артып келеді. Бүгінде мейіргер кәсібіне деген қарым-қатынас пен оның кәсіби міндеттеріне қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Мейірбике ісі дамыған қазіргі кезеңде мейіргерлік құрам өзі ұсынатын мейіргерлік көмектің сапасына жауап беруі тиіс және талап етілген құзырлыққа сүйене отырып жұмыс жасауы қажет. Медицинада науқастың денсаулығына орта буын қызметкерлерінің дәрігерден кем жауап бермейтіні мәлім. Емнің дұрыс нәтиже беруі медбикенің көрсетілген ем-домды сауатты да қалтқысыз орындауында ғана емес, жаны қиналып жатқан науқаспен күндіз-түні бірге болып, күтім жасайтын қыруар еңбегіне де тікелей байланысты. Мейіргер ісі мамандарының тұрғындарға медициналық сапалы көмек көрсетудегі рөлі айрықша. Қазақстанда мейіргер ісін дамыту бойынша өткізіліп тұратын реформалар, мейіргер ісі мамандары қызметінде институционалдық қайта құрулар өткізу, кадрларды даярлау жүйесін жаңғырту және оларды денсаулық сақтау тәжірибесінде қолдану шаралары медициналық көмектің сапасын жоғарылатуға бағытталған. Сонымен қатар амбулаториялық, емханалық секторды жетілдіру бойынша жүйелік жұмыстарда, алғашқы медициналық- санитарлық көмекті кезең-кезеңмен жетілдіруде участкелік дәрігерлерге қосымша екінші мейіргер және жалпы тәжірибелік дәрігерлерге арналған үшінші мейіргерлер лауазымдарын енгізуге айрықша көңіл бөлінді. Осының бәрі медициналық көмектің сапасын арттыруға мүмкіндік береді, бәрі мейіргерлік қызмет мамандарының дәрігердің тең құқықты әріптесі ретіндегі тәуелсіз рөлін қамтамасыз етеді. Науқастарға қолда бар қызметтерді емес, оларға қажетті қызметтерді ұсыну қажет. Осылай ғана медициналық қызмет сапасын арттыруға қол жеткізуге болады. Халықтың денсаулығын түзету қажеттілігін құру, созылмалы ауруы бар науқастарда тұрақты ремиссия кезеңдерін арттыру көп жағдайда шығармашылық күш-қуатты қолдауға, емдеуді ісін ұйымдастырудағы мемлекет шығынын азайтуға және мүгедектікке байланысты жәрдемақы төлеуді болдырмауға ықпал етеді. Медициналық көмектің қол жетімділігі дегенміз (тең құқықтық) – ұсынылған медициналық көмектің сапасына қарай емделушінің жынысы, жасы, ұлты, тұрғылықты жері, әлеуметтік-экономикалық статусы, діни сеніміне деген тәуелсіздік [2]. Еуроодақ елдерінде қоғамға ашық түрде сапалы медициналық көмекке баға беруге мүмкіндік беретін жүйе жолға қойылған. Жыл сайын медициналық мекемелердің ұпай бойынша рейтингі құрылады және бұл ақпарат тұтынушыларға үшін денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесінің ашықтық дәрежесі туралы баға беруге мүмкіндік береді. Сонымен

қатар, көрсетілген медициналық көмектің сапасы емделушінің мүддесіне – ауыр сырқаттан кейінгі жағдайының жақсаруына сәйкес бағаланады.

Мейіргер қызметінің емдеу нәтижесіне әсері

Көптеген елдердің медициналық ұйымдарында науқас қауіпсіздігіне нұқсан келуіне әкеп соқтырған мейіргерлердің жіберген қателіктерінің негізгі себептері мен олардың алдын-алу тәсілдері қарастырылған. ДДСҰ медициналық мекемелердегі науқасқа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі. Осыған байланысты Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ассамблеясының 55-ші сессиясында WHA резолюциясы қабылданды [3]. Онда науқастарға арналған сапалы көмекті ұйымдастыруға; олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; дәрілердің, медициналық құрылғылар мен қондырғылардың, технологиялардың мониторинг жүйесін қалыптастыруға үлкен көңіл бөлу керектігі талқыланды. Заманауи медициналық технологияларды енгізу орта медициналық қызметкердің деңгейіне жаңа талаптар ұсынады. Жаңа технологияларды енгізу қоғамның медициналық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін нақты мүмкіндіктерді иеленген денсаулық сақтау жүйесінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Науқастың денсаулық жағдайының жақсаруының кепілі - нақты жолға қойылған мейіргерлік қызмет. Біздің елімізде мейіргерлік қызметтің науқас қауіпсіздігіне, мейіргерлік көмек сапасына тигізетін әсері көп зерттелмеген. Бірақ Батыста мейіргер жетістіктері дәрігерлермен ескерілмегендіктен, әрі мамандықтың мәртебесін көтеру мақсатында әртүрлі зерттеулер жүргізіліп келеді. Зерттеулер нәтижесінде мейіргерлік қызметтің сапасы мен медициналық көмек сапасы тығыз байланысты екені дәлелденген. Медициналық көмек көрсетілгенде күтім шаралары қоса жүргізілетіндігі белгілі. Бірақ көптеген елдерде науқас күтімі нормалары заңнамаларымен бекітілмеген. АҚШ мемлекетінің мейіргерлер Ассоциациясы 1994 жылдан бері мейіргер қызметінің сапасын белгілейтін көрсеткіштерді ұсынды [4]. Оның құрамына өлім-жітім, асқынулардың саны, науқастың медициналық көмекпен қанағаттанушылығы, госпитализацияның ұзақтығы кірді. Ассоциация ұсынысы нәтижесінде осы көрсеткіштермен мейіргер қызметі сипатының (мейіргердің жүктемесі, біліктілігі, өз бетінше әрекет ету дәрежесі) өзара байланысы зерттелді. Денсаулық сақтау қызметін зерттеу орталығы (АҚШ) жедел жәрдем ауруханаларындағы мейіргер жүктемесінің өлімге әсері жайлы фундаментальды зерттеулер жүргізді. Зерттеу нәтижелері The New England Journal of Medicine жарияланды. Бұл зерттеулер бес жыл бойы жүргізілді,

11 елдің 799 ауруханасында емделген бес миллион науқас алынды (жазылып шыққан, өлімге ұшырағандар). Мейіргер жүктемесі мен емнің қорытындысы мен сапасының көрсеткіштері тығыз байланысты екені анықталды [4]. Көбінесе зәр шығару жолдарының инфекциясы өкпе қабынуы, шок, асқазан-ішек жолдарынан қан кету, ұзақ емделу сияқты асқынулар кеңінен таралған. Сонымен бірге қарқынды терапия бөлімінің жұмысын зерттегенде келесі математикалық заңдылық байқалған: егер бір мейіргерге жүктеме 4 пациенттен көп болса әрбір қосымша бақылауда болған науқастарда асқынулар көбейген. Емнің нәтижесіне мейіргерлердің жүктемесінің әсерін R.L.Kane әріптестерімен бірге зерттеген [4]. Қарқынды терапия бөлімінде бір мейіргерге жүктемені азайтқанда медициналық асқынуларда азайған, мысалы госпитальды сепсис 43%, жүректің кенеттен тоқтауы 34%, медициналық асқынулар 41%, тыныс алу жүйесінің асқынулары 60%. Мейіргер күтімнен басқа бөлімше тазалығын, палаталардың уақытылы желдетілуін, ауыр науқастардың жеке бас гигиенасы шараларын жүргізу, науқасты зертханаға тасымалдау, дәріні аға мейіргерден қабылдау, ауыр науқастарды бақылау, дәрілік заттарды есептен шығару сияқты жұмыстарды да орындайды. Палаталық мейіргерлердің хронометражы Ресей ауруханаларының бірінде жүргізілген [5]. Онда мейіргердің күн тәртібінде науқас күтіміне 1 сағат қана уақыт қалатындықтан күтімді көбінесе туыстастарының жүргізетіндігі белгілі болған. Мейіргер кезекшілік барысында көптеген қысқа мерзімді тапсырмаларды қоса орындайды, мысалы сыртқы сигналдарға, телефон қоңырауына, науқастардың сауалдарына, дәрігерлердің шұғыл тапсырмаларын орындауға да уақыт жұмсайды. Сондықтан бөлімшедегі әрбір мейіргерлердің функциясын нақты белгілеу, жұмыс орнын функционалды секторларға бөлу уақытты үнемдейді.

Мейіргер қызметінің сапасына әсер ететін жағдайлар.

Сонымен бірге заманауи мейіргерлер өз ісінде көшбасшылыққа, дербестікке ұмтылады. Олардың дербестігін қолдау, жауапкершіліктерін арттыру, медициналық көмек көрсету сапасы мен емдеу мекемесінің жалпы нәтижелеріне әсерін тигізеді. Бұл белсенді медициналық араласуларды талап ететін жағдайларды уақытында анықтауға, ресурстарды (медициналық құралдар, тұтыну материалдары) қолданудағы проблемалардың азаюына, дәрігерлермен қарым-қатынастың жақсаруына әкеледі. Медициналық көмектің сапасына, мейіргердің біліктілігі, еңбек өтілі, білімін жан-жақты жетілдіру шаралары, жұмыстан қажу, шаршау сияқты факторлары да әсер етеді. Жоғары технологияларды қолдану,

жүйкеге көп күш түсетін күйзелістік жағдайлар мейіргер жұмысында көп кездеседі. Жүйке жүйесі түскен ауыртпалықты көтере алмай мейіргерлерде невроздар пайда болады. Жүйкесі жұқарғандардың жұмысқа қабілеттілігі азайып күнделікті орындап жүрген жұмыстарын істегенде тез шаршайды, зейіннің тұрақсыздығы, көңілдің алаң болуы, зейінді жинақтаудың бұзылуы байқалады. Осылардың салдарынан есте сақтау қабілеті төмендеп, ақпаратты есте сақтау қиындайды. Жүйкелері жұқарып, көңіл-күйлері тез ауысып отырады. Сол себепті медицина қызметкерлерінің «кәсіби жанып кету» синдромы деп физикалық, эмоциялық ойлау қабілеттерінің таусылуын айтады. Бұл синдромның пайда болуына адам мен адамның, бастық пен бағыныштының арасындағы ауыр қарым-қатынаста болу негізгі рөл атқарады [6].

Қолжетімді әдебиет көздерінде мейіргердегі «кәсіби жанып кетудің» 3 сатысын сипатталады: бірінші сатысы - мазасыздану; адам қалайтын деңгейде қызмет атқаруға бейім емес, өз беделін демеу үшін қорғаныс механизмін қолданады. Екінші саты - қарсылық; бұл сатының басты сипаттамасы бірбеткейлік, бағынбау, қаталдық, адам ережелер мен нұсқауларға жабысып, өз позициясын өзгертуге құштарлық танытпайды, томаға тұйық, өзгелерден оқшау қалады. Үшінші саты - таусылу; адам бір жағынан сылбыр, тұрлаусыз ал екінші жағынан аса зілді және қатал болуы ықтимал, бұл сатыда оған көңіл мен қамқорлық қажет [7]. Мейіргерлердің өз ісіне деген ұқыптылық, адамдарға ықылас, мейірімділікпен қарау, ауруларға емдеуге қажетті жағдайларды жасауда белгілі бір шешім қабылдауды талап етеді. Медициналық көмек сапасына кезекшілікке кіріскен мейіргердің өзінің сезіну жағдайы, көңіл-күйі әсерін тигізеді. Өйткені шаршаған мейіргер жұмыс барысында көп қателіктер жібереді. Bournes & Ferguson- Pare 2007 ауруханада мейіргерлердің күнделікті қызметінің күнтізбесін толық өзгертіп, онық айналадағы жағдай мен жұмыс сапасына әсерін зерттеген мейіргерлер жұмыс уақытының бестен бір бөлігін оқу процессіне жұмсаған. Сондықтан мейіргердің жұмыс уақытындағы жүктемесі артқан. Бірақ жағымды өзгерістері де болған: пациенттер ешқандай күтім тапшылығын сезінбеген, ал мейіргерлердің өз жұмысына жоғары қанағаттанушылықтары байқалған [8].

Командалық жұмыстың маңызы

Мейіргер жұмысының көрсеткіштерін жақсарту үшін командалық жұмыстың маңызы зор. Malila & Von Reuden 2002 жыл командалық жұмыстың қарқынды терапия бөлімінде ресурстарды нәтижелі пайдалануға ықпалын тигізетіндігі жайлы

тиімді дәлелдер алған. Сондықтан «мультидисциплинарлы көзқарас» операциядан кейінгі науқастарда асқынулардың соның ішінде аурухана ішілік, өкпе қабынуы, реинтубация оқиғаларының азаюына әкелген. Бүгінгі күні мейіргер қызметінің маңызы дәлелденген. Зерттеушілер аурухана басшыларына пациенттердің шынайы қажеттілігіне байланысты мейіргерлер бірлігін құруды, дәрігерлер мен мейіргерлердің командалық жұмысын құруды, үстеме жұмыстарды азайтуды, мейіргерлер біліктілігін арттыруды ұсынады [9].

Дәрілік қауіпсіздік медицинаның негізгі бағыттарының бірі

Қазіргі кезде дәрілік ем жүргізу күрделі мәселе болып табылады. Фармакология негіздерін білмей оны дұрыс жүргізу және бақылау іс жүзінде мүмкін емес. Тек дәрілердің өзара әрекетінің зиянды салдарын ескертуде әр медицина қызметкерінің қатысуы дәрілік емнің қауіпсіздігі мен тиімділігіне кепілдік береді. Дәрілік емді жүргізу кезінде болатын қателіктердің себебі: асығыстық, шаршау, жұмыс орнындағы нашар жағдайлар, дәрігерлердің түсініксіз жазбасы, білімнің жетіспеушілігі, ынтасыздық. Дәрілік затты кезекті енгізуді өткізіп алу, жойылған немесе мүлде тағайындалмаған дәрілік заттарды енгізу науқас денсаулығына орасан зиян келтіреді. Клиникалық тәжірибеде әр түрлі ауруларды емдеу кезінде көп жағдайда бір уақытта дәрілік препараттардың екі және одан да көбі қолданылады. Бұл дәрілердің құрамдас бөліктері дұрыс іріктелген жағдайда фармокотерапияның тиімділігін арттырады. Кейбір дәрілік заттардың жарыққа, температураның өзгеруіне, рН вариацияларына сезімталдығының жоғары болуының салдарынан тек бір-бірімен қиыстыру кезінде еріткіш пен сиымсыз қоспаларды құруы мүмкін. Дәрілік қауіпсіздік қазіргі медицинаның негізгі бағыттарының бірі. Қауіпсіздік жөніндегі мамандар адамның бір белгіге (сигнал) шоғырланған зейінін басқа белгіге қалай тез ауыстыру керек екенін арнаулы тексерулер жүргізу арқылы зерттеді [10]. Зейінді тез ауыстыру үшін түрлі-түсті контрасты бояулар, қимыл-қозғалыс, дыбыстар қолданылып келді. Бірақ қазіргі таңда олар нәтижелі емес. Медицина қызметкерлері үшін заманауи оқыту әдістемелері, тренингтер өткізілгені жөн [11,12]. Бұрын дәрінің қорабының сыртындағы түрлі түсті жазу мысалы «баяу енгіз» немесе «тек қана көктамырға енгізіледі» деген жазбалар қателік жіберуден сақтайды деп есептелсе, қазір мейіргерлерлерді қораптың сыртындағы барлық ақпаратты ұсақ өзгерістеріне дейін көріп, жылдам еске сақтауды арнаулы әдістермен үйретеді. Бүгінде мейіргерлер күнделікті таныс, үйреншікті істерді зейін салмай автоматизм

тәртібінде орындайды. Әсіресе көп жылға созылған жұмыс тәжірибесі бар мейіргерлердің манипуляция орындағанда қимылдары аса шапшаңдықпен әрі нақты жасалады. Соның салдарынан кейбір жұмыс орындағы өзгерістерді, мысалы, флакондардың әдеттегі орнынан ауысып кетуін байқамай, басқа ерітіндіні енгізген оқиғалар орын алуы мүмкін. Керісінше тәжірибесі аз маман дәрі құтыларының сыртқы жазбаларын тыңғылықты оқиды. Өйткені онда іс-әрекет қимылы әлі машықтандырылмаған. Мұндай сәтсіздіктерден мамандар чек-лист сақтайды деп есептейді. Оған манипуляция барысын минималды түрде нақты керекті іс-қимылдар ғана енгізіледі. Мейіргер әрбір тармағын орындағанын белгілеп отырады. Чек-лист іс-шараларды тек жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар қатаң тәртіпке үйретеді, жұмыстың өнімділігін арттырады. Мейіргерлер өздерінің дәрілік заттарды қолданудағы жіберген қателіктерін жасырмауы тиіс. Өйткені бұл науқастар үшін қауіпті және олардың қайталануына әкелуі мүмкін.

Егер мейіргерде дәрілік заттармен жұмыс кезінде қателік орын алған болса, онда ол келесі шараларды орындау керек:

- Орын алған қателік туралы дәрігерге жылдам хабарлау керек. Сонда науқас қажетті көмекті ерте алады;
- мейіргер науқасты қарап шығып, оның жағдайын бағалауы қажет;
- аға медбикеге хабарлау керек;
- түсініктеме хат жазғанда не болғанын, қателіктің қалай анықталғанын тура баяндау керек.
- бөлімшеде осы жағдайға талдау жүргізіп, кешенді шаралар әзірлеу керек.

Дәрілік ем жүргізу кезіндегі қателіктердің алдын-алу үшін арнайы анықтамалық материалдарды, яғни стандарттарды, препараттарды қолдану ережелерін, нұсқаулықтарды қолдану қажет. Анықтамалық материалдар жас мамандарға жұмыс орнында тез бейімделуге көмектеседі әрі тәжірибелік қызметкерлер күмәнданған сәтте деректерді қайта тексере алады. Дәрілік қауіпсіздікті сақтау үшін мейірбикелерді жұмыс орындарында жаңа дәрілік препараттарды алу кезінде оқытуға ерекше назар бөлінуге тиіс.

Мейіргердің міндеті дәрілік затты енгізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мейіргерлер науқастарды қорғау үшін фармакологияны жақсы білуге, егу техникасын меңгеруге және өз тәжірибесін тұрақты байытуға міндетті.

Патронаждық қызметті дамытудың жетістіктері

Патронаждық қызмет үйде көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсарту арнайы күтімді қажет ететін отбасыларға барып, жеке жұмыс жасауды көздейді. Қазақстандағы мейіргерлік қызмет жүйесін айтарлықтай мәнді реформалар күтіп тұр. Мейіргерлерге дәрігер өкілеттіліктерінің бір бөлігі берілмекші. Осылайша денсаулық сақтау жүйесінде дәрігерлерді оларға тән емес жұмыстан іс-жүзінде орта медициналық қызметкердің құзыретіне кіретін жұмыстан босату жоспарланып отыр. Мейіргер барлық тексеріс зерттеулерді толықтай жүргізіп, анализдрді талдай алады және осының нәтижесінде науқастарды қажетті маман дәрігерлердің қарауына арнайы іріктей алады. Бүгінгі күні бұл жүйе бірқатар емханаларға енгізілген. Мейіргер талдамалардың нәтижелерін көре отырып, науқастың өзін –өзі сезіну жағдайын, неге назар аудару керектігін, оны қандай дәрігерге жіберу керек екендігін дербес анықтай алады.

Қазіргі кезде мейіргерлер дәрігердің келесі функцияларын өз бетімен орындайды:

- жүкті әйелдердың және босанғаннан кейінгі жағдайдағы патронаж;
- 1 жасқа дейінгі сау балалардың патронажы;
- жұқпалы аурулардың ошағын бақылау;
- екпелерді жоспарлау;
- ауруханадан шыққан науқасты белсенді бақылау;
- жедел-жәрдем активтеріне қызмет көрсету;
- диспансерлік науқастарды қабылдау.

Медициналық көмек көрсету кезінде мейіргер өзінің жеке дағдыларын, қатынас түрлерін пайдалана отырып, науқастың денсаулығына қатысты кейбір мәселелерді нәтижелі шешуге мүмкіндік алды. Мейіргерлер тұрғындардың активті дәрігерлік тексерілуі, сырқатты дер кезінде табу, денсаулығын бағалау, лабораториялық- диагностикалық тексерулерден өткізу, емдеу-сауықтыру секілді шараларын қадағалайды [6].

Қорытынды

